

Жаңалық релизи

Алматы уақытымен 12:00/ 0700 UTC 1 қазан, 2025 жыл дейін жариялауға эмбарго

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Өнім өндіру айтарлықтай төмендеп, жаңа тапсырыстар өсті

Өндіріс 2023 жылғы желтоқсанның бергі ең жоғары қарқынмен қысқарды

Жаңа тапсырыстар қайта өсе бастады

Инфляция қысымы бәсеңдеді

Үшінші тоқсан соңында Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі іскери ахуал одан әрі нашарлады.

Сала ахуалының төмендеуіне негізінен өндірістің айтарлықтай қысқаруы ықпал етті, бұл 2023 жылғы желтоқсанның бергі ең қарқынды қысқару болды. Қуаныштысы жаңа тапсырыстар саны қайта өсті, десе де өндірістегі, жұмыспен қамту мен сатып алудағы баяулау компанияларды сұранысты өтеу мақсатында дайын өнім қорын пайдалануға мәжбүр етті, ол орындалмаған жұмыс көлемінің ұлғаюына әкеп соқты.

Дейтұрғанмен, инфляция қысымы тамызға қарағанда бәсеңдеді.

Freedom Holding Corp. Kazakhstan Manufacturing PMI® (Сатып алу менеджерлерінің индексі™) қыркүйекте 49,2 мәнінде тіркелді (тамызда – 47,9), алайда ол әлі де 50,0 шегінен төмен. Бұл іскери ахуалдың біршама нашарлағанын және бұл төртінші ай қатарынан жалғасып келе жатқанын көрсетеді.


Саладағы ахуалдың бұл жолғы нашарлауына – өндірістің айтарлықтай және жедел қарқынмен қысқаруы түрткі болды. Өндіріс қатарынан төртінші ай қысқарып, 2023 жылдың соңынан бергі ең елеулі деңгейде болды.

Сауалнамаға қатысушылар жабдықтарды жаңартудағы кідіріс пен сұраныстың әлсіреуі ықпал етті дейді.

Қыркүйекте жұмыспен қамту мен сатып алудағы белсенділік те төмендеді. Өз еркімен жұмыстан кету салдарынан кадр саны төртінші ай қатарынан қысқарды, ал ресурс сатып алу соңғы үш жарым жылдағы ең жоғары қарқынмен төмендеді. Сәйкесінше сатып алып, қор жинау да азайды.

Үшінші тоқсан соңында сұраныста оң өзгеріс байқалды, тамызда соңғы 19 айда алғаш рет төмендеу байқалғаннан кейін, жаңа тапсырыстар қайта өсім көрсетті. Кейбір компаниялар жаңа клиенттер тартқанын хабарлады және жаңа тапсырыстар аз да болса ұлғайды.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған




Дерек 2025 ж. 11-23 Қыркүйек аралығында жиналған.

Дереккөз: Freedom Holding Corp. S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.


Пікір

Ерлан Әбдікаримов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp.-тың 100% еншілес компаниясы) Қаржылық талдау департаментінің директоры:

«Қыркүйек айында Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінде аралас динамика байқалды. Жаңа тапсырыстардың өсуі қайта басталғанымен, өнім шығару қарқыны тезірек төмендеді. Бұған қойма қорларының азаюы, логистикалық шектеулер жағдайындағы әлсіз сатып алулар, персоналды қысқарту және валюта қысымы әсер етті. Инфляция баяулауда, бірақ әлі де баға саясатын және кәсіпорындардың қаржылық мүмкіндіктерін шектейді. Сұраныстың артуы аясында алдағы жылға деген күтулер өткен аймен салыстырғанда жақсарды.»



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Жаңа тапсырыстар саны өсіп, ал өндіріс көлемі төмендеген соң, қыркүйекте орындалмаған жұмыс ұлғайды. Аяқталмаған тапсырыстар санының артуы, аз өлшерде болса да, ақпан айынан бері алғаш рет тіркелді.

Сату қажеттілігін қолдау үшін кәсіпорындар дайын өнім қорларын пайдалануға мәжбүр болды. Өндірістен шыққан қоймадағы қор екінші ай қатарынан қысқарды.

Қыркүйекте өндірушілер ресурс бағасының одан әрі өскенін байқады, алайда инфляция қарқыны соңғы үш айдағы ең төмен деңгейге түсті. Сауалнамаға қатысушылар бағаның өсуі ұлттық валютаның әлсіреуінен деп санайды, ол импорттық тауардың қымбаттауына әкеп соқты. Шикізат пен логистикалық қызмет ақысының қымбаттауы да аталып өтті.

Логистикадағы түйіткілдер тасымалдаушыларды бесінші ай қатарынан жеткізу мерзімін кешіктіруге мәжбүр етті. Бұған қоса, қыркүйектегі жеткізу мерзімін кешіктіру - соңғы бір жыл ішіндегі ең ұзағы болды.

Кәсіпорындар ресурс құнының қымбаттауына жауап ретінде сату бағасын көтерді. Алайда ресурс бағасы секілді, сату бағасының инфляциясы да ай соңында бәсеңдеді.

Тамызға қарағанда іскери сенім жақсара түскендіктен, өндірушілер алдағы бір жылда өндіріс көлемі өседі деп үміттеніп отыр. Сауалнамаға қатысушылардың айтуынша, жаңа тапсырыстар ұлғаяды деп күту және жабдықтарды жаңалау өндірістің өсуіне ықпал ететін негізгі факторлар болмақ.

Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер
Экономика жөніндегі
директор
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1491 461 016
andrew.harker@spglobal.com

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Ханна Брук
ЕМЕА елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 7483 439 812
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Егер S&P Global жаңалықтар релизін алғыңыз келмесе press.mi@spglobal.com поштасына хабарлаңыз. Біздің құпиялық саясатымыз туралы [осы тұстан](#) оқыңыз.

Әдістеме

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген. Бұл панель ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнаымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индекстің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индекстермен салыстырмалы бағытта қозғалатындай етіп алмастырылады.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдасқан деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілері») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com